АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ
«№ 3 КӨПБЕЙІНДІ ҚАЛАЛЫҚ
БАЛАЛАР АУРУХАНАСЫ»
ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ
ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК
КОММУНАЛДЫҚ КӘСІПОРНЫ
Кіріс № 01-13-196
«19» 02 2025 ж.
Астана қаласы, Тұрар Рысқұлов көшесі, 12

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
(қысқаша шешім)

2024 жылғы 26 желтоқсан №7119-24-00-2/16328 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ж.Ж.Нұрғалиева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің «№ 3 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «ИВАНОВ В.Д.» атынан Иванов Вячеслав Дмитриевич

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1 - 267-4 басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап коюшы Астана қаласы әкімдігінің «№ 3 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер «ИВАНОВ В.Д.» атынан Иванов Вячеслав Дмитриевичті мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы қойған талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «ИВАНОВ В.Д.» атынан Иванов Вячеслав Дмитриевич мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «ИВАНОВ В.Д.» атынан Иванов Вячеслав Дмитриевичтен Астана қаласы әкімдігінің «№ 3 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 5 740 (бес мың жеті жүз қырық) теңге мөлшерінде

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 26.12.2024
Заңды күшіне енген күні: 06.02.2025, судья Нұрғалиева Ж. Д., 13.02.2025

тұрақсыздық айыбы және 173 (бір жүз жетпіс үш) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «ИВАНОВ В.Д.» атынан Иванов Вячеслав Дмитриевичтен мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **Ж.Ж.Нұрғалиева**

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 26.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 06.02.2025, судья Нұрғалиева Ж. Д., 13.02.2025

7119-24-3-1/15830